**Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 24 желтоқсандағы N 435 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментімен 2013 жылы 28 қаңтарда N 2288 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 маусымдағы N 196 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 02.06.2014 N 196 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 1 қарашадағы "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1392 қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызмет регламенті;

2) "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламенті;

3) "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламенті;

4) "Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық ( бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Тынышбай Досымбекұлы Досымбековке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі А.Мұсаханов*

Облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 қаулысымен бекітілген

## "Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) мемлекеттік қызметті алушы – жеке және заңды тұлға;
2) уәкілетті орган – облыстық басқармасы, аудандық, қалалық жер қатынастары бөлімдері.

## 2. Жалпы ережелер

2. "Жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген облыстардың ( республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелері ( бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді.
3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.
4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 14-1, 150-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 01 қарашадағы "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1392 қаулысы негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - стандарт).
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағыштағы жер учаскесін қалыптастыру жөніндегі бекітілген жерге орналастыру жобасы (бұдан әрі – жерге орналастыру жобасы) немесе қызмет көрсетуден бас тарту себебі негізделген жазбаша жауап беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау кезекке тұру тәртібімен алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жөніндегі ақпарат уәкілетті органның арнайы ақпараттық стенділерінде орналастырылады және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

8. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады, егер құрастырылған жерге орналастыру жобасы:

1) Қазақстан Республикасының Жер кодексінің талаптарына және нормаларына;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 958 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасында мемлекеттік жер кадастрын жүргізудің ережесіне сәйкес болмаған жағдайда.

9. Құжаттарды қабылдау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес орналасқан орнына байланысты уәкілетті органның жауапты тұлғасымен жүзеге асырылады.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын берген кезде:

осы стандарттың 2-қосымшасында берілген нысанға сәйкес жерге орналастыру жобасын бекітуге өтінім;

сәйкес жергілікті атқарушы органдармен құрылған жер учаскелерін жеке меншікке беру бойынша жер комиссиясының оң қорытындысының көшірмесі;

мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін кәсіпорындармен мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жобаланып отырған учаскенің орналасу орнының сәйкестігі (жерге орналастыру объектісінің шекарасы мен олардың координаттары) бөлігінде келісілген, жерге орналастыру жобасы;

жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау актісі (қажет болғанда);
мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не мемлекеттік қызметті алушының атынан берілген сенімхаттың және сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлғаға;
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі, заңды тұлғаның өкілеттігін куәландыратын құжат және мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – заңды тұлғаларға;
2) жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда:
осы стандарттың 2-қосымшасында берілген нысанға сәйкес жерге орналастыру жобасын бекіту үшін берілген өтініш;
мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мемлекеттік кәсіпорындармен мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жобаланып отырған учаскенің орналасу орнының сәйкестігі жөнінде келісілген, жерге орналастыру жобасы;
жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау актісі (қажет болғанда);
мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не мемлекеттік қызметті алушының атынан берілген сенімхаттың және сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлғаға;
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі, заңды тұлғаның өкілеттігін куәландыратын құжат және мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – заңды тұлғаларға.
Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады.
11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
12. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 9-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету – 7 жұмыс күні;
2) құжаттарды тапсыру және алу кезінде кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут;
3) құжаттарды тапсыру және алу кезінде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.
13. Жер учаскесін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобасын бекіту үдерісінің сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.
14. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет

нәтижелерімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 5. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органдардың тізбесі

| Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің атауы | Орналасқан жері, мекенжайы | Мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты адам | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Алматы облысы | | | | |
| "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы , Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Басқарма бастығы | 8-728-2 27-01-25, ф.24-16-70 | yprzo@mail.ru |
| "Ақсу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5 | Бөлім бастығы | 8-728-32 2-21-26 2-16-60 | zemotdelaks@megaline.kz |
| "Алакөл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 91г | Бөлім бастығы | 8-728-33 2-33-33 2-22-08 | akimat_Alako@mail.r |
| "Балқаш ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 66 | Бөлім бастығы | 8-727-73 9-12-15 9-16-82 | bagi_88@mail.ru |
| "Еңбекшіқазақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 53 | Бөлім бастығы | | Beiseuov Busashevieh |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | 8-727-75 4-54-07 4 -57-77 | |
| "Ескелді ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенті, Сәтпаев көшесі, 65 | Бөлім бастығы | 8-728-36 3-00-66 3 -17-68 | otdel_zhkh @mail.ru |
| "Жамбыл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі , 117 | Бөлім бастығы | 8-727-70 2-29-51 2 -07-44 2-15-11 | Umirzakova Saruar |
| "Іле ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Абай көшесі, 23 | Бөлім бастығы | 8-727-52 2-26-91 2 -09-78 | Iliiorgodel08.@mail.r |
| "Қарасай ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қарасай ауданы, Қаскелең ауылы, Гаражная көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-727-71 2-00-41 2 -58-41 | karasay_akimat @ram bler.ru |
| "Қаратал ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Космолданов көшесі , 21 | Бөлім бастығы | 8-728-34 2-10-45 | org_karatal @mail.ru |
| "Кербұлақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, ХҚК ғимараты | Бөлім бастығы | 8-728-40 2-16-01 3 -22-53 | kerbakimbux @mail.r |
| "Көксу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Көксу ауданы, Балпық би кенті, Мырзабекұлы көшесі, 38 | Бөлім бастығы | 8-728-38 2-08-61 2 -03-07 | fkimat-koksu @mail.r |
| "Панфилов ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 131 | Бөлім бастығы | 8-728-31 5-11-36 5 -01-19 | js_rima @bk.ru |
| "Райымбек ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Әзімжапов көшесі, 3 | Бөлім бастығы | 8-727-77 2-15-69 2 -15-24 | raimbek_akimat mail.ru |
| "Сарқанд ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Сарқанд ауданы, Сарқанд қаласы, Тынышбаев көшесі, 8 | Бөлім бастығы | 8-728-39 2-17-93 2 -32-79 | sarkand-2009 @mail.r |
| "Талғар ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 98 | Бөлім бастығы | 8-727-73 88-16-71 88-16-72 | talgar-akimat @rambler.ru |
| "Ұйғыр ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Кентал Исламов көшесі, 70 | Бөлім бастығы | 8-727-78 2-16-50 2 -16-96 | www.uigur-akimat.kz |
| "Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қапшағай қаласы, Қойшымапов көшесі , 4 | Бөлім бастығы | 8-727-72 4-07-75 4 -14-04 | O_sholpan_67 mail.ru |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-728-35 4-27-96 | akimat_tekeliforever.k ozeo @mail.ru |
| "Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы , Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Бөлім бастығы | 8-728-2 24-01-45 24-19-76 | zemotdelaks@ mtgaline.kz |

"Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту" мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Жер учаскесін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобасын бекіту үдерісінің сызбасы




Облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 қаулысымен бекітілген

## "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) мемлекеттік қызметті алушы – жеке және заңды тұлға;
2) жергілікті атқарушы орган – облыстық, аудандық, қалалық әкімдіктері.

## 2. Жалпы ережелер

2. "Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша, мекенжайлары осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), ал егістікте, жақсартылған шабындықтар мен жайылымдарда, көп жылдық екпелер бар жерде , сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жері мен орман қоры жерінде облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) көрсетеді.
3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.
4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 16, 17, 18, 71 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 01 қарашадағы "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1392 қаулысы негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - стандарт).
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағыштағы іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру (бұдан әрі – рұқсат) немесе қызмет көрсетуден бас тарту себептерін көрсете отырып негізделген жазбаша жауап беру болып табылады.
Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін көрсетіледі.
Қабылдау кезекке тұру тәртібімен алдын ала жазылусыз және жедел қызмет

көрсетусіз жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жөніндегі ақпарат жергілікті атқарушы органның арнайы ақпараттық стенділерінде орналастырылады және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

8. Осы регламенттің 9-тармағына сәйкес құжаттар толық ұсынылмаған, сондай-ақ маусымдық ауыл шаруашылық жұмыстары жүргізілген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады.

9. Құжаттарды қабылдау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес орналасқан орнына байланысты жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасымен жүзеге асырылады.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) осы стандарттың 2-қосымшасында берілген нысанға сәйкес, іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру туралы жеке тұлғадан өтініш немесе іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру туралы мерзімдерін, орналасқан жері мен көлемі көрсетілген заңды тұлғадан өтініш-хат;

2) заңды тұлға ретінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі – заңды тұлға үшін;

3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлға үшін;

4) жеке кәсіпкер ретінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің көшірмесі – жеке кәсіпкер үшін;

5) іздестіру жұмыстарын жүргізуге техникалық тапсырманың көшірмесі;

6) іздестіру жұмыстарын жүргізу аймағының жоспары (сызбасы);

7) мемлекеттік қызметті алушымен бекітілген іздестіру жұмыстарын жүргізу бойынша графигі;

8) кепілдік хат – топырақ қабатын бүлдірген кезде топырақ қабатын қалпына келтіруді, сондай-ақ келтірілген зиянды төлеу кезінде (қажет болған жағдайда) және жерді нысаналы мақсатында пайдалану үшін оларды пайдалануға жарамды қалпына келтіру жөніндегі іздестіру жұмыстарын орындаушылардың міндеттемесі.

Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 9-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету – 10 жұмыс күні;

2) құжаттарды тапсыру және алу кезінде кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут;

3) құжаттарды тапсыру және алу кезінде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.

13. Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру үдерісінің сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 5. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органдардың тізбесі

| Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің атауы | Орналасқан жері, мекенжайы | Мемле-кеттік қызметті көрсе-туге жауапты адам | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Алматы облысы | | | | |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Басқарма бастығы | 8-728-2 27-01-25, ф.24-16-70 | yprzo@mail.ru |
| "Ақсу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5 | Бөлім бастығы | 8-728-32 2-21-26 2-16-60 | zemotdelaks@megaline.kz |
| "Алакөл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 91г | Бөлім бастығы | 8-728-33 2-33-33 2-22-08 | akimat_Alako@mail.ru |
| "Балқаш ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 66 | Бөлім бастығы | 8-727-73 9-12-15 9-16-82 | bagi_88@mail. ru |
| "Еңбекшіқазақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 53 | Бөлім бастығы | 8-727-75 4-54-07 4-57-77 | Beiseuov Busashevieh |
| "Ескелді ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенті, Сәтпаев көшесі, 65 | Бөлім бастығы | 8-728-36 3-00-66 3-17-68 | otdel_zhkh @mail.ru |
| "Жамбыл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117 | Бөлім бастығы | 8-727-70 2-29-51 2-07-44 2-15-11 | Umirzakova Saruar |
| "Іле ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Абай көшесі, 23 | Бөлім бастығы | 8-727-52 2-26-91 2-09-78 | Iliorgodel08. @mail.ru |
| "Қарасай ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қарасай ауданы, Қаскелең ауылы, Гаражная көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-727-71 2-00-41 2-58-41 | karasay_akimat @rambler.ru |
| "Қаратал ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Космолданов көшесі, 21 | Бөлім бастығы | 8-728-34 2-10-45 | org_karatal @mail.ru |
| "Кербұлақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, ХҚК ғимараты | Бөлім бастығы | 8-728-40 2-16-01 3-22-53 | kerbakimbux @mail.ru |
| "Көксу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Көксу ауданы, Балпық би кенті, Мырзабекұлы көшесі, 38 | Бөлім бастығы | 8-728-38 2-08-61 2-03-07 | fkimat-koksu @mail.ru |
| "Панфилов ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацк көшесі, 131 | Бөлім бастығы | 8-728-31 5-11-36 5-01-19 | js_rima @bk.ru |
| "Райымбек ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Әзімжапов көшесі, 3 | Бөлім бастығы | 8-727-77 2-15-69 2-15-24 | raimbek_akimat @mail.ru |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Сарқанд ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Сарқанд ауданы, Сарқант қаласы, Тынышбаев көшесі, 8 | Бөлім бастығы | 8-728-39 2-17-93 2-32-79 | sarkand-2009 @mail.ru |
| "Талғар ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 98 | Бөлім бастығы | 8-727-73 88-16-71 88-16-72 | talgar-akimat @rambler.ru |
| "Ұйғыр ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Кентал Исламов көшесі, 70 | Бөлім бастығы | 8-727-78 2-16-50 2-16-96 | www.uigur-akimat.kz |
| "Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қапшағай қаласы, Қойшымапов көшесі, 4 | Бөлім бастығы | 8-727-72 4-07-75 4-14-04 | O_sholpan_67 @mail.ru |
| "Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-728-35 4-27-96 | akimat_tekeliforever.kz ozeo @mail.ru |
| "Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Бөлім бастығы | 8-728-2 24-01-45 24-19-76 | zemotdelaks@mtgaline.kz |

"Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру үдерісінің сызбасы




Облысы әкімдігінің
2012 жылғы 29 желтоқсандағы
N 435 қаулысымен бекітілген

## "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) мемлекеттік қызметті алушы – жеке және заңды тұлға;
2) жергілікті атқарушы орган – облыстық, аудандық, қалалық әкімдіктері.

## 2. Жалпы ережелер

2. "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жер учаскесінің орналасқан жері бойынша жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган)

көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 49-1 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 01 қарашадағы "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1392 қаулысы негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - стандарт).

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағыштағы жер учаскесінің пайдалану мақсатын өзгертуге шешім беру (бұдан әрі – шешім) немесе себептерін көрсете отырып негізделген қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша жауап беру болып табылады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау кезекке тұру тәртібімен алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жөніндегі ақпарат жергілікті атқарушы органның арнайы ақпараттық стендтерде орналастырылады және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

8. Құқықтық режимі, жер учаскесінің санатқа тиесілігі және жерді аймақтарға бөлуге сәйкес рұқсат етілген пайдалану негізінде нысаналы мақсатын өзгертуге рұқсат беру мүмкін емес болған жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартылады.

9. Құжаттарды қабылдау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес орналасқан орнына байланысты жергілікті атқарушы органның уәкілетті тұлғасымен жүзеге асырылады.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы жергілікті атқарушы органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) стандарттың 2-қосымшасында берілген нысанға сәйкес өтініш;

2) жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі;

4) салықтық қарыздың жоқтығы туралы салық органдарынан анықтама;

5) жер учаскесіне ауыртпалықтардың жоқтығы туралы әділет органдарынан анықтама;

6) жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау актісі (қажет болғанда);

7) елді мекеннің бас жоспарына сәйкес құрылыс объектілерін салған жағдайда, жылжымайтын мүліктердің әр меншік иесімен шығындарды өтеу бойынша жасалған келісім шарттардың көшірмелері (қажет болғанда);

8) жылжымайтын мүлік объектісіне құқықты куәландыратын құжаттың көшірмесі (қажет болғанда);

9) жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық төлқұжаты (қажет болғанда) ;

10) мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не мемлекеттік қызметті алушының атынан берілген сенімхаттың және сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлғаға;

11) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәлігі, заңды тұлғаның өкілеттігін куәландыратын құжат және мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – заңды тұлғаларға;

Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету – 37 күнтізбелік күн;

2) құжаттарды тапсыру және алу кезінде кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут;

3) құжаттарды тапсыру және алу кезінде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.

13. Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру үдерісінің сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 5. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органдардың тізбесі

| Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің атауы | Орналасқан жері, мекенжайы | Мемлекет-тік қызметті көрсетуге жауапты адам | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Алматы облысы | | | | |
| "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Басқарма бастығы | 8-728-2 27-01-25, ф.24-16-70 | yprzo@mail.ru |
| "Ақсу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5 | Бөлім бастығы | 8-728-32 2-21-26 2-16-60 | zemotdelaks@megaline.kz |
| | Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, | Бөлім бастығы | | akimat_Alako@mail.ru |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Алакөл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қабанбай батыр көшесі, 91 г | | 8-728-33 2-33-33 2-22-08 | |
| "Балқаш ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 66 | Бөлім бастығы | 8-727-73 9-12-15 9-16-82 | bagi_88@mail.ru |
| "Еңбекшіқазақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 53 | Бөлім бастығы | 8-727-75 4-54-07 4-57-77 | Beiseuov Busashevieh |
| "Ескелді ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенті, Сәтпаев көшесі, 65 | Бөлім бастығы | 8-728-36 3-00-66 3-17-68 | otdel_zhkh @mail.ru |
| "Жамбыл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі, 117 | Бөлім бастығы | 8-727-70 2-29-51 2-07-44 2-15-11 | Umirzakova Saruar |
| "Іле ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Абай көшесі, 23 | Бөлім бастығы | 8-727-52 2-26-91 2-09-78 | Iiiorgodel08. @mail.ru |
| "Қарасай ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қарасай ауданы, Қаскелең ауылы, Гаражная көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-727-71 2-00-41 2-58-41 | karasay_akimat @ram bler.ru |
| "Қаратал ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Космолданов көшесі, 21 | Бөлім бастығы | 8-728-34 2-10-45 | org_karatal @mail.ru |
| "Кербұлақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, ХҚК ғимараты | Бөлім бастығы | 8-728-40 2-16-01 3-22-53 | kerbakimbux @mail.ru |
| "Көксу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Көксу ауданы, Балпық би кенті, Мырзабек-ұлы көшесі, 38 | Бөлім бастығы | 8-728-38 2-08-61 2-03-07 | fkimat-koksu @mail.ru |
| "Панфилов ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 131 | Бөлім бастығы | 8-728-31 5-11-36 5-01-19 | js_rima @bk.ru |
| "Райымбек ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Әзімжапов көшесі, 3 | Бөлім бастығы | 8-727-77 2-15-69 2-15-24 | raimbek_akimat @mail.ru |
| "Сарқанд ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Сарқанд ауданы, Сарқант қаласы, Тынышбаев көшесі, 8 | Бөлім бастығы | 8-728-39 2-17-93 2-32-79 | sarkand-2009 @mail.ru |
| | Талғар ауданы, Талғар қаласы, | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Талғар ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Рысқұлов көшесі, 98 | Бөлім бастығы | 8-727-73 88-16-71 88-16-72 | talgar-akimat @rambler.ru |
| "Ұйғыр ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Кентал Исламов көшесі, 70 | Бөлім бастығы | 8-727-78 2-16-50 2-16-96 | www.uigur-akimat.kz |
| "Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қапшағай қаласы, Қойшымапов көшесі, 4 | Бөлім бастығы | 8-727-72 4-07-75 4-14-04 | O_sholpan_67 @mail.ru |
| "Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-728-35 4-27-96 | akimat_tekeliforever.kz ozeo @mail.ru |
| "Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Бөлім бастығы | 8-728-2 24-01-45 24-19-76 | zemotdelaks@mtgaline.kz |

"Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру үдерісінің сызбасы



Облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 435 қаулысымен бекітілген

# "Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік қызмет регламенті

## 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы регламентте мынадай ұғымдар пайдаланылады:
1) мемлекеттік қызметті алушы – жеке және заңды тұлға;
2) уәкілетті орган – облыстық басқармасы, аудандық, қалалық жер қатынастары бөлімдері.

## 2. Жалпы ережелер

2. "Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық ( бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) жер учаскелерінің орналасқан жері бойынша, жер қатынастары саласындағы функцияларды жүзеге асыратын, осы стандарттың 1-қосымшасындакөрсетілген облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетеді.
3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.
4. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 14-1-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 01 қарашадағы "Жер қатынастары, геодезия және картография саласында Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі мен жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі N 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 1392 қаулысы негізінде жүзеге асырылады (бұдан әрі - стандарт).
5. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі қағаз тасымалдағыштағы бекітілген жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құны актісі немесе себептерін көрсете отырып негізделген қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша жауап беру

болып табылады.

Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

## 3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне талаптар

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Заңында белгіленген демалыс және мереке күндерінен басқа, сағат 13.00-ден 14.00-ға дейінгі түскі үзіліспен, жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ға дейін көрсетіледі. Қабылдау кезекке тұру тәртібімен алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет жөніндегі ақпарат уәкілетті органның арнайы ақпараттық стенділерінде орналастырылады және бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

8. Мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген құжаттарды табыс етпеген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

9. Құжаттарды қабылдау осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес орналасқан орнына байланысты уәкілетті органның уәкілетті тұлғасымен жүзеге асырылады.

## 4. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін алушы уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) стандарттың 2-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес өтінім;

2) жеке тұлғалар үшін - мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не мемлекеттік қызметті алушының атынан берілген сенімхаттың және сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны тіркеу туралы куәлік, заңды тұлғаның өкілінің өкілеттігін растайтын құжат және мемлекеттік қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі.

4) осы стандарттың 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік жер кадастрын жүргізетін мемлекеттік кәсіпорындармен есептелген жер учаскесінің бағалау құнын анықтау актісі;

5) сәйкес жергілікті атқарушы органдармен құрылған жер учаскелерін жеке

меншікке беру бойынша жер комиссиясының оң қорытындысының көшірмесі.

Тұлғаның жеке куәлігінің немесе сенімхаттың көшірмелерін тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады, олар тексерілгеннен кейін қызметті алушыға қайтарылады.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 9-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету – 3 жұмыс күні;

2) құжаттарды тапсыру және алу кезінде кезекте күтудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут;

3) құжаттарды тапсыру және алу кезінде қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 30 минут.

13. Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту үдерісінің сызбасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

14. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

## 5. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

15. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзғаны үшін лауазымды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жауапкершілікке тартылады.

"Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі уәкілетті органдардың тізбесі

| Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары саласындағы функцияларды | Орналасқан жері, мекенжайы | Мемлекет-тік қызметті | Байланыс телефоны | Электрондық мекенжайы |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының құрылымдық бөлімшелерінің атауы | | көрсетуге жауапты адам | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| Алматы облысы | | | | |
| "Алматы облысының жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Басқарма бастығы | 8-728-2 27-01-25, ф.24-16-70 | yprzo@mail.ru |
| "Ақсу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5 | Бөлім бастығы | 8-728-32 2-21-26 2-16-60 | zemotdelaks@megaline.kz |
| "Алакөл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 91 г | Бөлім бастығы | 8-728-33 2-33-33 2-22-08 | akimat_Alako@mail.ru |
| "Балқаш ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 66 | Бөлім бастығы | 8-727-73 9-12-15 9-16-82 | bagi_88@mail.ru |
| "Еңбекшіқазақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы , Тоқатаев көшесі, 53 | Бөлім бастығы | 8-727-7 4-54-07 4 -57-77 | Beiseuov Busashevieh |
| "Ескелді ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ескелді ауданы, Қарабұлақ кенті, Сәтпаев көшесі, 65 | Бөлім бастығы | 8-728-36 3-00-66 3-17-68 | otdel_zhkh @mail.ru |
| "Жамбыл ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қараш батыр көшесі , 117 | Бөлім бастығы | 8-727-70 2-29-51 2-07-44 2-15-11 | Umirzakova Saruar |
| "Іле ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Абай көшесі, 23 | Бөлім бастығы | 8-727-52 2-26-91 2-09-78 | Iliiorgodel08. @mail.ru |
| "Қарасай ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қарасай ауданы, Қаскелең ауылы, Гаражная көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-727-71 2-00-41 2-58-41 | karasay_akimat @ram bler.r |
| "Қаратал ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Космолданов көшесі, 21 | Бөлім бастығы | 8-728-34 2-10-45 | org_karatal @mail.ru |
| "Кербұлақ ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті, Момышұлы көшесі, ХҚК ғимараты | Бөлім бастығы | 8-728-40 2-16-01 3-22-53 | kerbakimbux @mail.ru |
| "Көксу ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Көксу ауданы, Балпық би кенті, Мырзабекұлы көшесі, 38 | Бөлім бастығы | 8-728-38 2-08-61 2-03-07 | fkimat-koksu @mail.ru |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| "Панфилов ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі, 131 | Бөлім бастығы | 8-728-31 5-11-36 5-01-19 | js_rima @bk.ru |
| "Райымбек ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Райымбек ауданы, Кеген ауылы, Әзімжапов көшесі, 3 | Бөлім бастығы | 8-727-77 2-15-69 2-15-24 | raimbek_akimat @mail.ru |
| "Сарқанд ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Сарқанд ауданы, Сарқант қаласы, Тынышбаев көшесі, 8 | Бөлім бастығы | 8-728-39 2-17-93 2-32-79 | sarkand-2009 @mail.ru |
| "Талғар ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талғар ауданы, Талғар қаласы, Рысқұлов көшесі, 98 | Бөлім бастығы | 8-727-73 88-16-71 88-16-72 | talgar-akimat @rambler.ru |
| "Ұйғыр ауданы жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Ұйғыр ауданы, Шонжы ауылы, Кентал Исламов көшесі, 70 | Бөлім бастығы | 8-727-78 2-16-50 2-16-96 | www.uigur-akimat.kz |
| "Қапшағай қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Қапшағай қаласы, Қойшымапов көшесі, 4 | Бөлім бастығы | 8-727-72 4-07-75 4-14-04 | O_sholpan_67 @mail.ru |
| "Текелі қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34 | Бөлім бастығы | 8-728-35 4-27-96 | akimat_tekeliforever.kz oze @mail.ru |
| "Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36/42 | Бөлім бастығы | 8-728-2 24-01-45 24-19-76 | zemotdelaks@mtgaline.kz |

"Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту" мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Мемлекет жеке меншікке сататын нақты жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын бекіту үдерісінің сызбасы




© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК